

Хаттама №3

Нұра ауданының тарихи – өлкетану музейінде «Жемқорлықсыз қоғам – жарқын болашақ кепілі» тақырыбында дәріс өтті.

Нұра ауданы

13 наурыз 2026 жыл

Музей қызметкерлері: Баймаганбетова А, Оспанова К, Разах Ғ, Накупова А, Ахмедина А.

Музей қызметкерлері саны-5.

КҮН ТӘРТІБІ: Жемқорлықтың алдын алу мақсатында «Жемқорлықсыз қоғам – жарқын болашақ кепілі» тақырыбында дәріс өтті.

1. Дәріс барысында музейдің комплаенс – офицері К.Оспанова сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін зияны, оның алдын алу жолдары, қоғамда адалдық пен әділдікті қалыптастыру мәселелері талқыланды. Қызметкерлерге жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығы түсіндірілді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселесі туралы музей басшысы А.Ахметова сөз сөйлеп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жолдары туралы түсіндіру жұмысын жүргізді.

Сонымен қатар, шара аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта кітап көрмесі ұйымдастырылып, келушілерге осы бағыттағы әдебиеттер таныстырылды. Көрменің мақсаты – қоғамда адалдық пен ашықтық құндылықтарын насихаттау.

3. Музей қызметкерлері диалогқа белсенді қатысты. Қойылған барлық сұрақтарға түсіндірме жауаптар берілді. Әрбір азамат жасына, біліміне, қызмет саласына қарамастан адалдық, инабаттылық, сатқындықтан сақ болуды ұстанатын болса, сонда ғана біз шын мәнінде таза қоғамға – жемқорлықсыз қоғамға келе аламыз деп қортындыға келді.

Басшы



А.Ахметова